

**1-БЛОК: Жалпы кәсіптік пән**  
**Құстар мен аңдардың биологиясы**  
**Бір дұрыс жауабы бар тапсырмалар**

1. Жер-ағаш экологиялық тобына жататын құстар
  - A) Қырғауылдар, кептерлер, құрлар
  - B) Қаздар, тырналар, шағалалар
  - C) Аққулар, торғайлар, дуадақтар
  - D) Бөденелер, қызғыштар, шағалалар
  - E) Құрлар, көкектер, бозторғайлар
  
2. Ағаш-бұта құстары экологиялық тобына жататындар
  - A) Торғайтәрізділер, тоқылдақтәрізділер, көкқарғатәрізділер
  - B) Тоқылдақтәрізділер, сұңқарлартәрізділер, тауықтәрізділер
  - C) Тырнатәрізділер, кептертәрізділер, қазтәрізділер
  - D) Тотықұстәрізділер, тоқылдақтәрізділер, көкектәрізділер
  - E) Қазтәрізділер, тауықтәрізділер, торғайтәрізділер
  
3. Жартылай суда тіршілік ететін сүтқоректілер
  - A) Қара күзен, бұлғын, қоңыр аю
  - B) Сілеусін, ондатр, борша
  - C) Құндыз, бұлан, саршұнақ
  - D) Құндыз, ондатр, қара күзен
  - E) Кәмшат, сілеусін, қарсақ
  
4. Қазақстанның топырақ арасында мекендейтін алып кеміргіші
  - A) Кіші саршұнақ
  - B) Ондатр
  - C) Құндыз
  - D) Борша тышқан
  - E) Алып көртышқан
  
5. Ағаш басында тіршілік ететін сүтқоректілер
  - A) Саршұнақтар, маймылдар, түлкілер
  - B) Жалқаулар, кесірткелер, қояндар
  - C) Шақылдақтар, кус-кустар, көртышқандар
  - D) Аюлар, маймылдар, егеуқұйрықтар
  - E) Маймылдар, жалқаулар, кус-кустар

6. Құс омыртқасының типі
- A) Платицельді
  - B) Протоцельді
  - C) Амфицельді
  - D) Опистоцельді
  - E) Гетероцельді
7. Мамық және жамылғы қауырсындардың атқаратын қызметі
- A) Зат алмасуға қатысады
  - B) Май қабатын сақтап тұрады
  - C) Теріде қан айналымын жақсартады
  - D) Басқа қауырсындарды шығармайды
  - E) Денеді жылу сақталуын қамтамасыз етеді
8. Жамбас белдеуінің сүйектері
- A) Шонданай, жауырын, омыртқа
  - B) Жауырын, тоқпан, саусақ сүйектері
  - C) Жамбас, жауырын, асықты жілік
  - D) Омыртқа, төс, жақ сүйегі
  - E) Мықын, шонданай, шат
9. Сүтқоректілердің мойын омыртқаларының саны
- A) 11
  - B) 12
  - C) 7
  - D) 4
  - E) 5
10. Түк жамылғысы болмайтын жануарлар
- A) Пілдер, керіктер, қабандар
  - B) Мүйізтұмсықтар, керіктер, арқарлар
  - C) Киттер, сирендер, пілдер
  - D) Сирендер, қабандар, құландар
  - E) Киттер, арқарлар, қасқырлар
11. Сүтқоректілердің терісінің бөлімдері
- A) Дерма, тері
  - B) Эпидермис, мүйізді қабат
  - C) Дерма, өлі қабат
  - D) Эпидермис, дерма
  - E) Эпидермис, майлы қабат

12. Қаршлығаштар тұқымдасының өкілі
- A) Қыстау қарлығашы
  - B) Сұр тырна
  - C) Кіші аққу
  - D) Дуадақ
  - E) Бөдене
13. Тауықтәрізділер отрядының өкілдері
- A) Кекілік, қырғауыл, бөдене
  - B) Кекілік, бөдене, сұр қаз
  - C) Бөдене, ақбас тырна, қасқалдақ
  - D) Қасқалдақ, бөдене, бүркіт
  - E) Қырғауыл, лашын, кіші аққу
14. Сұңқарлар тұқымдасының өкілі
- A) Дуадақ
  - B) Сұр тырна
  - C) Саңырау құр
  - D) Ителгі
  - E) Дала шілі
15. Қазтәрізділер отрядының өкілдері
- A) Италақаз, қоңыр үйрек, сыбырлақ аққу.
  - B) Лашын, сыбырлақ аққу, сұр қаз
  - C) Балықшы тұйғын, қоңыр үйрек, лашын
  - D) Сыбырлақ аққу, сұр қаз, бөктергі
  - E) Бөктергі, қоңыр үйрек, италақаз
16. Жыртқыштар отрядының өкілі
- A) Ала жертесер
  - B) Құлан
  - C) Жұпар
  - D) Орман сусары
  - E) Кіші саршұнақ
17. Қоянтәрізділер отрядының өкілі
- A) Ақ қоян
  - B) Ақбөкен
  - C) Кіші саршұнақ
  - D) Жұпар
  - E) Тапир

18. Жыртқыштар отрядының өкілдері
- A) Түлкі, қоңыр аю, жолбарыс
  - B) Қабан, қоңыр аю, тапир
  - C) Жолбарыс, саршұнақ, ақбөкен
  - D) Түлкі, қарсақ, қабан
  - E) Жайра, қасқыр, түлкі
19. Жұптұяқтылар отрядының өкілдері
- A) Елік, ақбөкен, бұлан
  - B) Даман, піл, керік
  - C) Бұлан, мүйізтұмсық, тапир
  - D) Құлан, бұлан, тапир
  - E) Елік, құлан, мүйізтұмсық
20. Кеміргіштер отрядының өкілдері
- A) Ондатр, ала жертесер
  - B) Құндыз, ала жертесер
  - C) Жұпар, кәдімгі кірпі
  - D) Кіші саршұнақ, құндыз
  - E) Саз құндызы, жұпар

***1-БЛОК: Жалпы кәсіптік пән бойынша тест аяқталды.***

**2-БЛОК: Арнайы пән  
Аң шаруашылығы**

***Бір дұрыс жауабы бар тапсырмалар***

1. Жабайы жануарлардың аулау нормасын анықтау үшін олардың келесі мезгілдегі санына сүйенеді  
А) Жазғы саны  
В) Көктемгі саны  
С) Күзгі саны  
D) Қысқы саны  
E) Көктемгі-жазғы саны
2. Аңшылық фаунаның санына ең күшті әсер ететін экологиялық фактор  
А) Табиғи залалдар  
В) Жыртқыш құстардың аңшылық құстарға әсері  
С) Жыртқыш аңдардың тұяқтыларға әсері  
D) Шаруашылық шаралар (ағаш дайындау, жерді құрғату)  
E) Қыс мезгілінің қатаң болуы
3. Ересек тау текенің аталығы мен аналығын күзде көзбен анықтауға болатын ерекшелігі  
А) Мүйізі  
В) Дауысы  
С) Жүні  
D) Дене тұрқының көлемі  
E) Түсі
4. Ересек бұланның аталығы мен аналығын күзде көзбен анықтауға болатын ерекшелігі  
А) Дауысы  
В) Дене тұрқының көлемі  
С) Жүні  
D) Мүйізі  
E) Түсі
5. Жануарларды қоректендіру алаңдарында санақ жүргізу мезгілі  
А) Көктемнің басында  
В) Қыстың аяғында  
С) Қыстың ортасында  
D) Күздің басында  
E) Қыстың басында

6. Бұғы мен бұланды күйлеу кезінде есепке алу мерзімі
- A) Қыркүйек – қазан
  - B) Тамыз – қыркүйек
  - C) Қараша – желтоқсан
  - D) Қаңтар – ақпан
  - E) Қазан – қараша
7. Орман құстарының балапандарын санау мерзімі
- A) Қыркүйек – қазан
  - B) Маусым – шілде
  - C) Тамыз – қыркүйек
  - D) Мамыр – маусым
  - E) Шілде – тамыз
8. Қазақстанда кездесетін және қолда өсірілетін объектісі болып табылатын бөдене
- A) Жапондық
  - B) Техастық
  - C) Қытайлық
  - D) Кәдімгі
  - E) Жерорта-теңіздік
9. Бөденелер қыста көбею үшін бөлмедегі күндізгі уақыты ұзартылады
- A) 14 сағатқа дейін
  - B) 12 сағатқа дейін
  - C) 16 сағатқа дейін
  - D) 18 сағатқа дейін
  - E) 20 сағатқа дейін
10. Бұғы және еліктерді үстеп қоректендіргенде, олардың қоректенбейтін ағаш бұтақтары
- A) Терек
  - B) Емен
  - C) Көктерек
  - D) Қайын
  - E) Жеке ағаш
11. Қырғауылдарға арналған жасанды қорғаныш паналар
- A) Ясельді қоректендірушілер
  - B) Желі сабақтар
  - C) Хаткалар
  - D) Бір жақты және екі жақты ағысы бар шатырлар
  - E) Қораптар мен кеуектер

12. Тянь-Шань шырша ормандарына жерсiңдiрiлген тиiннiң тiрi
- A) Закарпат тиiнi
  - B) Телеутка
  - C) Якут тиiнi
  - D) Жерорта теңiздiк тиiнi
  - E) Алтай тиiнi
13. Кинологияда мамандар арасында ағылшын сеттерiнiң басқаша атауы
- A) Гордон
  - B) Курцхаар
  - C) Лаверак
  - D) Спаниель
  - E) Пойнтер
14. Лайка итiнiң құйрығының формасы
- A) Сақиналы
  - B) Қауырсынды
  - C) Семсерлi
  - D) Поленалы
  - E) Iлгектi
15. Иттер дене температурасын төмендету үшiн қолданылатын дене мүшесi
- A) Терiсi
  - B) Жүн жабыны
  - C) Терi безi
  - D) Табаны
  - E) Тiлi
16. Лайка тұқымдарының iшiндегi ең iрiсi
- A) Шығыс-сiбiр
  - B) Батыс-сiбiр
  - C) Карел-финдiк
  - D) Орыс-финдiк
  - E) Орыс-европалық
17. Лайканың топ тармақтарының саны
- A) 2
  - B) 4
  - C) 5
  - D) 3
  - E) 6

18. Итті үйрету кезінде үйретушінің мінез құлқы
- A) Ызалы
  - B) Ашулы
  - C) Қылықтарды мадақтаушы
  - D) Табанды
  - E) Талғағыш емес
19. Тазы итті өз отанында аталуы
- A) Тайган
  - B) Салюки
  - C) Сеттер
  - D) Гордон
  - E) Слюгги
20. Ит басқа елдерге осы жануарлармен бірге таралған
- A) түйемен
  - B) қоймен
  - C) мысықпен
  - D) сиырмен
  - E) жылқымен



***Бір немесе бірнеше дұрыс жауабы бар тапсырмалар***

21. Ең ірі және ең ұсақ аңшылық бытыралар

- A) №3
- B) №5
- C) №11
- D) №9
- E) №0
- F) №12
- G) №0000
- H) №7

22. Реакклиматизация ұғымы

- A) Жануардың бұрын мекен еткен жерінен жойылып кетуі
- B) Жануардың басқа жерде тіршілік етуге мүмкіншілігі жоқ болуы
- C) Жануардың бұрын тіршілік етіп кеткен жері
- D) Жануардың бұрын мекен еткен жеріне қайта жерсіндірілуі
- E) Жануардың бұрын мекен еткен жеріне қайта қоректенуге жерсіндірілуі
- F) Жануардың бұрын мекен еткен жеріне қайта көбеюге жерсіндірілуі
- G) Жануардың бұрын мекен еткен жеріне қайта ұялауға жерсіндірілуі
- H) Жануардың бір жерде тіршілік етуі

23. Қояндарға есеп жүргізуде қолданылатын санақ тәсілдері

- A) Екі мәрте санау тәсілі
- B) Ақ соқпақта толық емес ату жолдарымен
- C) Өуе арқылы санау
- D) Қоректену алаңында
- E) Бақылау алаңында қуып санау
- F) Қуып санау тәсілі
- G) Ізі арқылы санау
- H) Маршрутта салыстырмалы санау

24. Иттердің жүн жабынының типтері

- A) Қою жүнді
- B) Тегіс жүнді
- C) Қатты жүнді
- D) Бұйра
- E) Жұмсақ жүнді
- F) Қылшықты
- G) Ұзын жүнді
- H) Жіңішке жүнді

25. Құс ағзасына қажетті минералды азықтар
- A) Натрий
  - B) Май
  - C) Дәрумендер
  - D) Ақуыз
  - E) Фосфор
  - F) Кальций
  - G) Ланта
  - H) Су
26. Жабайы жануарды аулау нормасының байланысы
- A) Аңшылық жердің бағалануы
  - B) Мекен ету ортасы
  - C) Жануарлардың жыныстық - жастық құрамы
  - D) Трофейлі жануарлар проценті
  - E) Биоценоздық факторлар
  - F) Аңдар мен құстың санының мөлшері
  - G) Жануарлар саны
  - H) Жабайы жануарлардың оптималды тығыздығы
27. Қазақстан Республикасының қызыл кітабына енгізілген жыртқыштар өкілі
- A) Ақкіс
  - B) Тас сусары
  - C) Кәмшат
  - D) Тянь-Шань қоңыр аюы
  - E) Шибөрі
  - F) Барыс
  - G) Түлкі
  - H) Аққалақ
28. Сүтқоректілердің тістерінің бөлінуі
- A) Жалған азу тіс
  - B) Ит тіс
  - C) Жақ тістері
  - D) Күрек тіс
  - E) Артқы азу тіс
  - F) Қисық тіс
  - G) Алдыңғы азу тіс
  - H) Азу тіс

29. Қазақстан аумағында тұрғылықты болып саналатын құстар

- A) Гималай ұлары
- B) Ысылдақ шүрегей
- C) Ақбас қаз
- D) Қырылдақ шүрегей
- E) Қырғауыл
- F) Құр
- G) Шақшақайша
- H) Кекілік

30. Су маңында тіршілік ететін құстар

- A) Қарабай
- B) Жалбағай
- C) Ұлар
- D) Кекілік
- E) Құр
- F) Шіл
- G) Зымыран
- H) Ұзын сирақ шалшықшы

**Жағдаяттық тапсырмалар**  
**1-жағдаят**  
**Бір дұрыс жауабы бар 5 тапсырма**

Екі аңшы бірге аңшылыққа шығады. Тау тасты аралап жүріп сол күні тау теке атып алды. Ал екінші күні таңғы аңшылыққа шығады. Таң бозарып атысымен таудың шалғынды жерлерінен маралдардың өксіген дауыстары шыға бастайды. Дауыс шығып жатқан жерді бағдарға алып ақырындап барып бір маралды атып алады. Ауланған олжаларына қанағаттанып аңшылар үйлеріне қайтты.

31. Тау текені тиімді аулау тәсілі
- A) Қуғыншы итпен аулау
  - B) Жыртқыш құстармен аулау
  - C) Қуып аулау
  - D) Жасырынып келіп ату
  - E) Тік ұшақпен аулау
32. Маралдың мекен ететін жерлері
- A) Шөлді жерлер
  - B) Далалы жерлер
  - C) Таулы тасты жерлер
  - D) Сулы батпақты алқаптар
  - E) Таулы ормандар
33. Маралдың күй ойнағының басталу мерзімі
- A) Шілдеде
  - B) Сәуірде
  - C) Желтоқсанда
  - D) Қыркүйекте
  - E) Маусымда
34. Тау теке мен маралды аулауға тиімді қолданатын құрал
- A) Қақпан
  - B) Мылтық
  - C) Шоқпар
  - D) Сойыл
  - E) Мардушқа

35. Тау текенің мекен ететін жерлері
- A) Таулы тасты жерлер
  - B) Таулы ормандар
  - C) Таулы шалғынды жерлер
  - D) Далалы алқаптар
  - E) Шөлді жерлер

**2-жағдаят****Бір дұрыс жауабы бар 5 тапсырма**

Аңшы мылтығын асынып орманға келді, орман ішін біраз шарлап ататын аң таппады. Шаршағанын басайын деп ағаштың түбіне отырып демалды. Кенеттен бұта арасынан мені ат дегендей бір елік атып шықты. Аңшы ағашқа сүйеніп тұрған мылтығын алып, елікке кезей бергенде бұта ішінен екі лағы шығып енесін еме бастады, оны көрген аңшы мылтығын төмен түсіріп қызыға қарап отыра берді. Сол күні аңшы ешқандай аң атпай үйіне қайтты.

36. Еліктің төлдеу мезгілі
- A) Мамыр-Маусым
  - B) Маусым-Шілде
  - C) Сәуір-Мамыр
  - D) Шілде-Тамыз
  - E) Тамыз-Қыркүйек
37. Елімізде тіршілік ететін еліктің түр тармағы
- A) Тянь-Шаньдық
  - B) Еуропалық
  - C) Маньчжурлық
  - D) Сібірлік
  - E) Орта Азиялық
38. Аңшылықтың түрі
- A) Қасақана
  - B) Ермектік
  - C) Әуесқойлық
  - D) Құмарлық
  - E) Қызығушылық
39. Еліктің лағын емізу уақыты
- A) 6-8 ай
  - B) 11 ай
  - C) 9-10 ай
  - D) 2-4 ай
  - E) 4-6 ай

40. Аңшылық мылтықтың түрі
- A) Ұзын оқпанды
  - B) Түзу оқпанды
  - C) Иір оқпанды
  - D) Тегіс оқпанды
  - E) Қысқа оқпанды

***2-БЛОК: Арнайы пән бойынша тест аяқталды.***